

**БУРАБАЙДАН СӘН КЕТТІ МЕ?**

5-БЕТ | МӘСЕЛЕ



**БАРД БОЛМЫСЫН АША АЛДЫ МА?**

6-БЕТ | РУХАНИЯТ



**ҚҰЛАГЕР ҚҰЛАҒАН ЖАЗЫҚТА...**

7-БЕТ | ҚОҒАМ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Біздің қоғамда еңбекқорлық, кәсіби-билік сияқты қасиеттер өте жоғары бағалануға тиіс. Өз кәсібін жетік меңгерген мамандар ұлт сапасын арттырады. Сондықтан біз еңбек адамының мәртебесін көтеріп жатырмыз. Бұл бағыттағы жұмыс тоқтамайды, жалғаса береді.

№82
(4826)
Сейсенбі
15 шілде
2025 жыл

ASTANA AQSHAMY

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

# БІЛІМ ГРАНТЫ БӨЛІНЕДІ

Елімізде білім беру гранттарын тағайындау конкурсына қатысу үшін өтініштер қабылдау науқаны басталды. Қабылдау 20 шілдеге дейін жүргізіледі.

«Бірінші күннің қорытындысы бойынша 10 мыңнан астам талапкер грант конкурсына қатысуға ниет білдіріп, өтініштерін жіберді. Ең көп өтініш «Педагогикалық ғылымдар» және «Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары» бағыттарына берілді» делінген министрлік таратқан ақпаратта.

Биыл құжаттарды egov.kz порталы арқылы онлайн немесе жоғары оқу орындарындағы қабылдау орталықтары арқылы (кез келген жақын орналасқан ЖОО-да) тапсыруға болады.



# КЕПТЕЛІСТІ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ РЕТТЕЙДІ

Астана көшелерінде күн сайын 550-600 мың көлік қатынайды. Премьер-министр Олжас Бектеновтің Мәжіліс депутатының сауалына жолдаған жауабында осындай дерек айтылды.

«Қазіргі жағдай бойынша Астана қаласының жол-көше желісіне күн сайын шығатын автокөлік саны 550-600 мыңдай болып отыр. Көлік ағынының барынша үдемелі қозғалысы Мәңгілік ел, Қабанбай батыр, Тұран даңғылдары мен Сарайшық, Қонаев көшелерінде тіркеледі. Қазір көлік кептелістерін кешенді тұрғыда шешу үшін қаланың Есіл ауданы бойынша деректер жинастырылып жатыр» деп жазылған Үкімет басшысының жауабында.

Жыл аяғына дейін Астанадағы көлік ағынын жасанды интеллект арқылы реттейтін жүйе әзірленеді. Жиналған деректер негізінде көлік ағынын жасанды интеллект көмегімен реттейтін модель дайындалмақ.

«Астана қаласының электронды көлік моделі қабылданатын көлік шешімдерінің негізділігін үлкен деректерді талдап, трафикті болжау арқылы арттыруға мүмкіндік береді. Жүйені әзірлеу жұмыстарын жыл соңына дейін аяқтау жоспарланған. Ол жұмыстар Еуразия даму банкінің гранты есебінен жүргізіліп жатыр» деп жазады Олжас Бектенов.

Сұлтан СЕЙІТ



ЖАЗ ОРТАСЫНАН АУЫП БАРАДЫ. ШІЛДЕНІҢ ЫСТЫҒЫНДА ЕЛОРДАЛЫҚТАР ҚАЙДА БАРЫП ШОМЫЛЫП ЖҮР? АРНАЙЫ ОРЫНДАРДА МА? РҰҚСАТ ЕТІЛГЕН СУ АЙДЫНДАРЫНДА КЕЛУШІЛЕР ҮШІН ҚАНШАЛЫҚТЫ ЖАЙЛЫЛЫҚ ЖАСАЛҒАН, ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ ҚАЛАЙ ЖҮРГІЗІЛЕДІ?

# ЖАҒАЖАЙДА ШОМЫЛУ ҚАУІПСІЗ БЕ?

## ТАХТАЙ ТЕГІН ЖАТТЫҚТЫРАДЫ

Елордада «Астана – есірткісіз қала» акциясы аясында дене шынықтырудан ерекше жаттығулар басталды.



Жекпе-жек шебері, ММА жауынгері Василий Тахтайдың тегін жаттығулары биыл үшінші рет ұйымдастырылып отыр. Бұған дейін тек «Триатлон» саябағында өткізіліп келсе, биылдан бастап «Көктал» саябағында да жаттығулар жүргізілетін болады.

«Триатлон» және «Көктал» саябақтарында өтетін тегін жаттығулар 1 қыркүйекке дейін сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері өтеді. Сабақ барлығына қолайлы уақыт ретінде кешкі 19:00 және 20:00-ге жоспарланған.



**№82** (4826) 15/07/2025 Сейсенбі



# ЕЛІМІЗДІҢ 62,4 ПАЙЫЗЫ ГАЗДАНДЫРЫЛДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «QazaqGaz» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Санжар Жаркешовті қабылдады. Президентке ұлттық компанияның атқарған жұмысының нәтижесі таныстырылды. Мемлекет басшысына бүгінгі таңда еліміздегі газдандыру деңгейі 62,4 пайызға жеткені жөнінде баяндалды. Соңғы үш жылда 1,7 миллион отандасымыз табиғи газдың игілігін көре бастады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа Жетісу облысының 66 елді мекенін газбен қамтамасыз ететін Талдықорған – Үшарал газ құбырының желілік бөлігінің құрылысы аяқталғаны туралы есеп берілді. Бұдан бөлек, Қашаған кен орнында сұйытылған мұнай газын ауыстырып тиеу және фракциялау зауытының құрылысы, Бейнеу – Бозой – Шымкент магистральдық газ құбырының екінші желісін салу жұмыстары басталды. Түрік инвесторы – ESTA компаниясының қатысуымен құны 1,35 миллиард доллар болатын карбамид зауытының жобасы қолға алынды.

Санжар Жаркешовтың айтуынша, ресейлік көгілдір отынды Қазақстан арқылы Өзбекстанға тасымалдау көлемінің артуы – саладағы маңызды жетістіктің бірі. Сондай-ақ ұлттық компания басшысы Орта Азия – Орталық магистралды газ құбырында жүргізіліп жатқан күрделі жөндеу жұмыстары жөнінде айтты. Аталған жоба өңірлік энергетика саласындағы маңызды буын ретінде еліміздің рөлін арттыра түседі.

Мемлекет басшысының газдың ресурстық базасын дамытуға қатысты тапсырмасын орындау аясында бірқатар стратегиялық келісімге қол қойылды. Олардың қатарында «Аққұдық» және «Северный-2» учаскелеріндегі жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар, сондай-ақ CNPC компаниясымен бірлесе «Северный-1» учаскесінде барлау жұмыстарын жүргізу туралы келісім бар.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысына газ саласында цифрлық шешімдер енгізу, соның ішінде NVIDIA жаңа графикалық чиптерімен жұмыс істейтін суперкомпьютерді қолдану жоспары жайында баяндалды. Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев алдағы жылыту маусымына дайындыққа, еліміздің газ саласындағы әлеуетін жоспарлы түрде нығайтуға қатысты бірқатар нақты тапсырма берді.

# БІР ОРТАЛЫҚҚА БІРІКТІРІЛДІ

Қазақстандағы барлық жедел қызмет түрлері бір орталыққа біріктірілді.

Енді ел бойынша шұғыл медициналық көмекті Ұлттық үйлестіру орталығы бақылап, басқарады. Бұл – шалғайдағы науқастарға дер кезінде көмек көрсетіп, жедел жәрдем жұмысының тиімділігін арттырады.

Аталған орталықтың құрамына заманауи көпбейінді емхана да кіреді. Онда 12 операциялық зал, медициналық авиация және роботты жүйелер мен тікұшақ алаңы да бар. Биылғы жарты жылда 1000-нан астам әуе рейсі жасалып, бес елден ауыр жағдайдағы науқастар жеткізілген.

# ТЕМЕКІ БАҒАСЫ ӨСТІ

1 шілдеден бастап темекі бұйымдарының ең төменгі бөлшек бағасы 12 пайызға өсіп, 920 теңгеге жетті.

Бұл баға осы жылдың 31 желтоқсанына дейін қолданыста болады. Қаржы министрі «Фильтрлі, фильтрсіз сигареттерге, папиростарға, сигариллаларға және қыздырылатын темекісі бар бұйымдарға ең төмен бөлшек сауда бағаларын белгілеу туралы» 2022 жылғы 22 ақпандағы № 196 бұйрыққа өзгеріс енгізді. Құжатқа сәйкес, 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап шылым бағасы тағы да көтеріледі, осылайша 970 теңге болмақ. Бұл өзгерістер фильтрлі, фильтрсіз сигареттерге, папиростарға, сигариллаларға және қыздырылатын темекісі бар бұйымдарға қатысты.

# АЛАКӨЛДІҢ ЖАҒАЛАУЫ ЖАЙЛЫ МА?

Басымдық берілетін туристік бағыттардың жай-күйін бағамдау мақсатында өңірлерге жұмыс сапарын жалғастырған Премьер-министрдің орынбасары Ермек Көшербаев Жетісу облысындағы басты туристік бағыттардың бірі саналатын Алакөл көлі жағалауы инфрақұрылымының қазіргі жағдайымен танысты.

Облыс құрылғаннан бері Алакөл ауданына 4,8 млн турист келген, соның 1,8 млнны – өткен жылдың үлесінде.

Сапар барысында вице-премьер коммуналдық жағажайда болды, мұнда өзге де аймақтардағы сияқты кешенді тұрғыда шешуді қажет ететін көптеген жүйелі мәселелердің бар екені анықталды. Бастапқы шарттар бар болғанымен, ашық және қолжетімді аумақтағы көптеген демалыс орындарында санитарлық жағдай, инженерлік және инфрақұрылымдық жағынан бірқатар түйткілдер сақталып қалып отыр. «Коммуналдық жағажайда демалуға келетін адамдар да жекеменшік демалыс аймақтарындағыдай базалық жайлылықпен, қауіпсіздікпен қамтамасыз етілуі тиіс. Бұл – әділеттілік қағидасы. Адам қай жерде де таза, тәртіпті әрі ретті ортада демалуы керек» деп атап өтті Ермек Көшербаев.



Премьер-министрдің орынбасары аудан әкімі мен жауапты салаларға жағажайдағы санитарлық жабдықтауды күшейту, қосымша қоқыс жәшіктерін сатып алу, судағы белгілер желісін ұзарту және шағын көлемді кемелерге арналған қауіпсіз кіру аймақтарын белгілеу жөнінде бірқатар тапсырма берді. Сонымен қатар киім ауыстыратын орындар, душ кабиналарын орнату, абаттандыру, соның ішінде белсенді демалыс аймақтарын қалыптастыру мүмкіндігін қарастыру тапсырылды.

Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін жағалау аумағында кезекшілік атқаратын ТЖ қызметкерлерінің санын арттыру мәселесі қарастырылатын болады. Жағажайдағы жайма сауда мәселесіне де ерекше назар аударылды. Вице-премьер сауда нүктелері ретінде су және электр желісіне қосылған тұрақты дүңгіршектер орнату керектігін және оларда санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың қатаң сақталуы қажеттігін атап өтті. «Бұл мәселелер тек Алакөлге ғана емес, елдегі барлық өңірлерге тән. Мұндай түйткілдер еліміздің демалыс аймақтарында жиі туындайды. Біз барлық ұсыныстарды жинақтап, үздік тәжірибелерді саралап, Туризм және спорт министрлігінде жауапты мемлекеттік органдардың қатысуымен арнайы кеңес өткізетін боламыз. Туризм – тек бизнес емес, бұл ең алдымен азаматтардың өмір сүру сапасының көрсеткіші» деді Ермек Көшербаев.

Сапар аясында Вице-премьер Ақши ауылындағы теміржол вокзалында да болып, туристермен тілдесті. Туристердің пікіріне қарағанда, мұнда оң өзгерістер байқалады, алайда жағажайлардың кейбір аймақтарында түйткілді мәселелер демалыс сапасына әлі де көлеңке түсіруде. «Алакөлге отбасымызбен алғаш рет келіп отырмыз. Вокзалда да, жағажайда да реттілік бар. Жағажайларда, киім шешетін орындар мен душ кабиналары көбірек болса екен дейміз» деді пікірін білдірген демалушы Галина Чепрына. «Сегіз жылдан бері бір жерге келіп демалып жүрміз. Қызмет көрсетуі, ауасы, суы – бәрі ұнайды. Дегенмен, жағажай учаскесінің қай-қайсының да, әсіресе тегін аймақтардың бір стандартқа сай болғанын қалаймыз» дейді алматылық туристер.

Биыл көл жағалауында электрмен қамтамасыз ету мәселесі шешімін тапты. Бескөлден Ақши ауылына дейін ұзындығы 56,7 шақырымды құрайтын жоғары кернеулі электр желісі мен жаңа қосалқы станса салынды. Маусым айынан бастап электр энергиясы үздіксіз беріліп келеді. Жағалау аумағы интернетпен қамтылған, 16 базалық станса жұмыс істеп тұр, сондай-ақ талшықты-оптикалық байланыс желісі тартылды. Жұмыс салалық министрліктермен үйлестіріле отырып жүргізілді. Жұмыс тобы құрамына енген барлық вице-министрлер өзінің жауапты бағыттары бойынша демалыс аймақтарына барып, ондағы жағдаймен танысты. Нәтижесінде олар вице-премьерге олардың қазіргі жағдайы мен қабылдануы тиіс қажетті шаралар туралы есеп берді. «Біз уақытша шешім қабылдап отырған жоқпыз, ұзақ мерзімді, тұрақты жүйе қалыптастырып жатырмыз. Қазақстанның туристік аймақтары халықтың үмітін ақтап қана қоймай, жаңа стандарттарға сай болуы тиіс. Бұл тек туристер үшін емес, ең алдымен қазақстандықтардың өздері үшін маңызды. Барлық өңірлерге жасалған сапарлардың қорытындысы бойынша Үкімет деңгейінде жүйелі шешімдер қабылданатын болады» деді сөзін қорытындылаған Ермек Көшербаев.

Абай облысына жасаған жұмыс сапары барысында Ермек Көшербаев Алакөл көлінің жағалауындағы туристік инфрақұрылымның жай-күйімен танысты. Айта кету керек, көл жағалауы бірнеше туристік аймақтан тұрады: Абай және Жетісу облыстарындағы жағажайлар – әрқайсысы өз ерекшелігі, инфрақұрылымдық жүктемесі және даму бағыты бар жеке локациялар.

## ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

***Түркияда Айя Софияның мешіт ретінде қайта ашылуының бес жылдығы тойланды.***

Ең көне әрі сәнді ғимарат ғасырлар бойында өзінің мақсатын сан рет өзгертті. Алдымен 916 жыл христиан храмы, содан кейін 1453 жылдан 1934 жылға дейін мешіт, одан кейінгі 86 жыл мұражай болды. 2020 жылдың шілдесінде түрік соты соборды мұражайға айналдыру туралы өткен ғасырдың басындағы шешімнің күшін жойды. Сол жылдың 24 шілдесінде ғимаратта 86 жылдан кейін алғаш рет жұма намазы оқылды.



***Өткен жылы президент И.Әлиев Отбасы кодексіне өзгерістер мен толықтыруларды енгізіп, биологиялық туыстығы бар азаматтарға өзара некеге тыйым салды.***

Өткен жылдың 23 шілдесі мен биылғы жылдың 1 шілдесі аралығында Әзербайжанда 2599 қандастық неке тіркелген. Енді жалпы биологиялық атасы және/немесе әжесі бар ағайындылардың және/немесе апалы-сіңлілердің балалары мен биологиялық туыстық туысқан немере ағаларының балалары арасындағы некеге тыйым салынады.



***Жақында Amazon бас директоры Энди Джасси жасанды интеллект адамдарды алмастыра бастағандықтан, оның компаниясында жұмыс күшін біршама қысқартатынын мәлімдеді.***

Ол сондай-ақ ЖИ технологиясын қабылдау жұмыс орындары мен салалардың кең ауқымына әсер ететінін ескертті. Джесси өз болжамдарында жалғыз емес: көптеген басқа компаниялар ЖИ бойынша жұмыс күшін қалай өзгертуі мүмкін екенін түсіндіре отырып, осындай ескертулер жасады.

№82 (4826) 15/07/2025 Сейсенбі

# ЖОЛ КӨРСЕТКЕН «JOLTAP»

Астаналықтардың табысын арттыруға бағытталған JOLTAP жобасы өз жемісін беруде. Қала көшелерінде «Баршаға мүмкіндік» модульдік пункттерінде жұмысқа орналасу, жұмысшы және цифрлық дағдыларды меңгеру, бизнес ашу және мемлекеттік қолдау аясында көмек (тұрғын үй, әлеуметтік жәрдем, гранттар және т.б.) мүмкіндіктері жайлы түсіндіреді.




Бұл жобаның аясында көптеген астаналықтар сатушы-кассир, бухгалтерлік есеп негіздері, тігінші, бариста, электр-газбен дәнекерлеуші, сәнгер-құрастырушы, корпустық жиһаз жасау негіздері, аяқ киім жөндеу және кілт жасау, Kaspi дүкенінде сауда жасау негіздері, автокөлік майын және шинасын ауыстыру маманы, полимерлі ұнтақпен бояу маманы, Wildberries-те сауда жасау негіздері секілді және т.б. мамандықтар бойынша қысқамерзімді курстардан өтіп жатыр. Курсқа 18 бен 50 жас аралығындағы елордалықтар тіркеліп, цифрлық және жұмысшы мамандықтарды тегін оқи алады.

«Бұл – өте пайдалы әрі тегін жоба. Осындай жобаны ұйымдастырып отырған елорда әкімдігіне алғысым шексіз. Курстың арқасында жаңа ортаға тап болдым. Жаңа адамдармен таныстым. Біз бір-бірімізге мотивация бердік. Әдемі атмосферада тың идеяларды талқыладық. JOLTAP тек білім ғана емес, шабыт пен қолдау сыйлайтын орта» деді елордалық Әзиза Баубекова.

«Бұл жоба жайлы Instagram желісінен оқыдым. Онда аз уақытта жаңа мамандықты тегін оқытатыны жайлы жазылған. Содан «Неге оқымасқа?» деген ой келді. Сөйтіп, оларға қоңырау шалып, орналасқан мекенжайларын білдім. Келесі күні үйімнің қасына жақын тұрған модульдік пунктіне барып, маманнан ақпарат алып, Kaspi дүкенде сауда жасау негіздері бойынша курсқа тіркелдім. Курс барысында бізге оқытушылар осы тақырыпта барлық мәліметті қарапайым тілде түсіндірді. Сондай-ақ барлық сауалымызға жауап беріп отырды. Оқу кезінде теория мен практиканы ұштастырдық» деді жобаға қатысушы.

# ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ КРЕАТИВТІ ФОТОЗОНАЛАР

Астанада қазақ тілін визуалды кеңістікте заманауи, тартымды әрі қолжетімді форматта ұсыну мақсатында арнайы фотоаймақтар ашылды.




Ұйымдастырушылардың айтуынша, бұл бастама тек тілдік құндылықтарды насихаттап қана қоймай, сонымен қатар ұлттық мәдениетті жаңа, стильді әрі заманауи форматта көрсету арқылы қазақы рухты сақтауға және дамытуға септігін тигізеді.

Қазақ тілінде креативті фотозоналар орнату қоғамдық орындарда жастардың суретке түсіп, әлеуметтік желілерде бөлісуіне ыңғайлы жасалған, сол сияқты стильді, трендті сөздермен безендірілген.




Заманауи визуалды шешімдер арқылы тіл мәселесін «қызық», «сәнді», «инстаға лайық» форматта жеткізу.

Қазіргі уақытта Нұра ауданында (Ғашықтар саябағы, Есіл өзенінің жағалауы), Сарыарқа ауданында (Арбат), Алматы ауданында («Жетісу» және «Триатлон» парктерінде) фотоаймақтар орналастырылды.

# «АСТАНА – ЕСІРТКІСІЗ ҚАЛА»

Осы шара аясында «Триатлон» саябағында дене шынықтыру бойынша сауықтыру сабағы ресми басталды. Іс-шараның ашылу салтанатына Астана қаласы әкімдігінің Спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізу дирекциясы басшысының орынбасары Ержігіт Өсербай, ММА танымал жауынгері Василий Тахтай қатысты.



«Біздің жобаға 6 жастан бастап, ер, әйел адамдар – кез келген қала тұрғыны қатыса алады. Ешкімге шектеу жоқ. Тіпті мүгедектігі бар кісілер де шарамыздан тыс қалмайды. Ашық кеңістікте өтетін жаттығуымыз тегін болғандықтан, 2024 жылы бір сәтте 500-дей адам келген жайттар да тіркелді. Барлығына дайынбыз. Әзірше бұл жоба тек Астана қаласында ғана бар. Сұраныс болса, ауқымымызды өзге қалаларда да жалғастыру ойымызда бар. Осы жобаның арқасында жаз мезгілінде оқушылар, жастар бос уақытын тиімді өткізіп, зиянды дүниелерден аулақ болады» деді кәсіби жауынгер және жаттықтырушы Василий Тахтай.

***Венгриядағы ортағасырлық аббаттықтардың сөрелерінен ондаған мың көне кітаптарды қоңыздардың шабуылынан құтқаруда.***

1000 жылдық тарихы бар Паннонхалма Арчаббиі немесе Паннонгалма тауындағы Әулие Мартиннің аумақтық аббаттығы – Венгриядағы ең көне оқу орталықтарының бірі. Мұнда ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұра тізіміне енген ең ерте және ең маңызды жазба құжаттары бар. Жақында реставраторлар 100 000-ға жуық кітапқа қоңыз түсіп, жегенін анықтады.



***Франция мен Тынық мұхитында орналасқан Францияның ерекше әкімшілік-территориялық бірлігі Жаңа Каледония мемлекетін құру туралы тарихи келісімге қол қойылды.***

13 парақтан тұратын құжатта ерекше аумақ республиканың құрамында қалады, бірақ енді өз алдына мемлекет болады. Арал тұрғындары Жаңа Каледония азаматтығымен қоса, Франция азаматтығын сақтай алады. Келісімді Франция парламентінің қос палатасы мақұлдауы керек, содан кейін ол Жаңа Каледонияда референдумға шығарылады.

Елордада сүрілген үйдің орнында қоғамдық кеңістік халық игілігіне берілді. Сарыарқа ауданында, Алтынемел және Гёте көшелерінің қиылысында, бұрын сүрілген тұрғын үйдің орнында 2000 шаршы метрден астам аумақты алып жатқан жаңа қоғамдық кеңістік абаттандырылды.

# ҚОҒАМДЫҚ КЕҢІСТІКТЕР КӨБЕЙЕДІ

Аталған аумақта жамылғылар төселіп, заманауи балалар алаңы орнатылып, балалардың қауіпсіздігіне ерекше мән берілді. Сонымен қатар отбасылық және тыныш демалысқа арналған көлеңкелі орындар мен орындықтар жайластырылды.

Көгалдандыру жұмыстарына ерекше назар аударылып, 1 500-ден астам жасыл желек, оның ішінде 50-ден астам ағаш (шырша, үйеңкі, қарақат ағашы және т.б.) отырғызылды. Сондай-ақ көпжылдық гүлдер егілді.

Кешкі уақыттағы жарық пен тұрғындардың қауіпсіздігі үшін классикалық үлгідегі шойын көше шамдары орнатылды.



# БАЛАНЫ ҚАРАУСЫЗ ҚАЛДЫРМАҢЫЗ!

Астанада жаз мезгілінің басталуымен балалардың терезеден құлау жағдайлары жиілеп кетті. Қалалық төтенше жағдайлар департаменті ата-аналарға үндеу жасап, қауіпсіздік ережелерін еске салды.

ТЖД мәліметінше, 2024 жылы елордада осындай 38 жағдай тіркелген, ал 2025 жылдың алғашқы алты айында бұл көрсеткіш 60-қа жеткен.


«Балалардың терезеден құлауының басты себебі – ата-аналардың оларды қараусыз қалдыруы. Бала терезеден бірнәрсе көріп, соған ұмтылады, бірақ өзінің биікте тұрғанын түсінбейді, құлап кетеді» дейді қалалық ТЖД №5 өрт сөндіру бөлімшесінің командирі Айдар Безруков.

Ата-аналар кішкентай балаларды бір сәтке де қараусыз қалдырмауы тиіс.

Москит торына сенуге болмайды. Баланың өз бетінше терезені аша алмайды деп ойлауы – қате түсінік.

Сондай-ақ терезе маңына жиһаз қоюға және балаларға терезе алдына шығуға рұқсат беруге болмайды. Оларға ашық терезенің жанында ойнау қауіпті екенін тұрақты түрде ескертіп отыру қажет. Балалардың қауіпсіздігін барынша қамтамасыз ету үшін сапалы әрі сенімді торлар, құлыптар және терезе тұтқаларына арналған арнайы бекіткіштер орнату керек.

«Қызметкерлер пәтерлерді аралап, азаматтарға балаларды терезеден құлап кетуден қалай қорғауға болатынын түсіндіреді. Ата-аналарға арнайы темір торлар орнатуды ұсынады. Менің ойымша, темір торлар – ең сенімді қорғаныс құралы. Өз тәжірибемде балалардың биіктен құлау жағдайлары жыл сайын дерлік кездесіп отырады» дейді Айдар Безруков.



№82 (4826) 15/07/2025 Сейсенбі

Ержан ҚОЖАС

# ЖАҒАЖАЙ: ШОМЫЛУ МАУСЫМЫНЫҢ ШИКІЛІГІ НЕДЕ?



Қарға миын қайнатар ыстықта адам шіркін солығын басуға салқын іздейді. Мұндайда өзен мен көл жағалап, суға түсіп, артынша бауырын құмға төсеп жатқанды тәуір көреді. Бірақ қауіпсіздік ережелері деген бар. Мұнысын кейбірі сақтап, кейбірі құлаққа да ілмей тұр. Арнайы шомылу аумағы бар болса да жабайы жағажайды таңдап, артынша түрлі қиын оқиғаға тап болған жерлестер жайлы жиі естиміз ғой. Шындығы осы. Құзырлы орын қанша құлаққағыс қылғанмен, қаперге алу аз.

### ТІЛСІЗ ЖАУДАН ДЕМ ҮЗІЛМЕСІН ДЕСЕК...

Төтенше жағдайлар министрлігінің мәліметінше, елімізде суға түсуге арнайы рұқсат берілген 722 орын бар екен. Оның ішінде 464-і жеке жағажай болса, 245-і коммуналдық, ал қалған 13 нысан спорт пен туризмге арналған. Алдағы уақытта қосымша 82 шомылу орны ашылмақ. Ал суға түсуге болмайтын жағажайлар туралы деректер «2GIS» арнайы платформасында тіркеліпті.

Бірақ көп ескерту мен түсіндірме жұмысы жүргізілгенмен, суға кету дерегі азаймай тұр. Айталық, жыл басынан бері республикада 71 адам осы дерекпен қайтыс болған. Оның ішінде 30 бала бар. 132 адам (35 бала) төтеншелiктердің көмегімен құтқарылған.

«Суға шомылу маусымынан бастап елімізде 51 адам, оның ішінде 13 бала құтқарылды. Өкінішке қарай, 56 адамның суға бату дерегі тіркелді. Мұның 23-і – жас балалар. Айта кетейін, министрлік осындай жағдай болдырмас үшін халық қауіпсіздігіне арналған 201 мобильді құтқару бекетін орнатты. Полиция қызметкерлерімен бірлесіп, 38921 рейд жүрді. Нәтижесінде 902 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылды» дейді Төтенше жағдайлар министрлігі Төтенше жағдайларды жою департаментінің бас маманы Дидар Қажыкенов.

Оның айтуынша, судан жапа шекпеу үшін қарапайым ережелерді сақтау керек. Балаларды қараусыз қалдырмай, оларға жүзуді әбден меңгертпей жағажайға түсірмеген дұрыс. Сонымен қатар, тыйым салынған аймаққа мүлде бармаған жөн. Судың тілсіз жау екенін ескерсек, әр отбасы мүшелері осылай ғана өзін де, жақындарын да сақтай алады.

құралы, 5 техника бірлігі жұмылдырылған. Жаяу патруль күн сайын сағат 09:00-ден 21:00-ге дейін, ал судағы патруль тәулік бойы қызмет атқаруда.

Астана қалалық Төтенше жағдайлар департаменті берген мәліметке сүйенсек, шомылуға қатысты халыққа белсенді үгіт-насихат жұмыстары жиі жүруде. Қауіпсіздік ережелері түсіндіріліп, аудан әкімдіктерімен бірге қауіпті және жабдықталмаған учаскелерге 250-ден астам ескерту белгісі мен шомылуға тыйым салынған 20 ақпараттық стенд орнатылған.

Жазғы демалыс басталғанға дейін М.Өтемісов атындағы Оқушылар сарайында мектеп директорлары және мұғалімдермен балалардың жаз мезгіліндегі қауіпсіздік мәдениеті бойынша семинар-кеңес те өтті. Ата-аналар жиналысы мен балалар қауіпсіздігіне арналған сабақта мен интерактивті дәрістер, брифингтер де қамтылған.

«Қалалық прокуратура өкілдерімен Есіл өзенінің арнасына рейд жүріп, жағажай аймақтарындағы су түбі зерттелді. Полиция қызметкерлері және еріктілермен бірлескен рейд нәтижесінде судағы қауіпсіздік ережелерін бұзғаны үшін ҚР ӘҚБтК 412-бабы бойынша 17 азамат (оның ішінде 5 ата-ана) жалпы сомасы 233 954 теңгеге әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Жаз басталғалы бері рейд кезінде 9 адам, оның ішінде 5 бала құтқарылды. Негізгі оқыс оқиғаларға себеп болатын факторлар – қауіпсіздік ережелерін сақтамау, тыйым салынған және жабдықталмаған орындарда шомылу, сондай-ақ өз күшін асыра бағалау екенін атап өту қажет» деп жазады Астана қаласының Төтенше жағдайлар департаменті.

Өкінішті жайт, 1 маусымнен бері Астанада үш адам суға кеткен. Оның екеуі – бала. Оқиға шомылуға тыйым салынған су аймағында болыпты. Иә, бір қарағанда бұйығы ағып жатқан Есілдің де мұндай «еркелікті» көтермейтіні рас.



### ЕСІЛ ЕРКЕЛІКТІ КӨТЕРМЕЙДІ

Бір белгілісі, елордада қала әкімдігінің қаулысымен шомылуға рұқсат етілген 5 су айдыны анықталған. Олар – Орталық қалалық жағажай, «Три пескаря», «Столичный двор», «Армина» демалыс аймағы және Ш.Бейсекова көшесіндегі көпір жанындағы коммуналдық жағажайы. Сондай-ақ 2021 жылғы 12 тамыздағы қалалық мәслихат шешімімен шомылуға тыйым салынған 21 су айдыны бар.

Қаланың басты өзені – Есіл арнасында құтқарушылардың тәулік бойы катерлермен патруль жұмыстарын жүргізетінін көріп жүрміз. Бұған қосымша қауіпті учаскелерде (Ш.Бейсекова көшесіндегі көпір, Тельман тұрғын алабы және Контрреттегіш) 3 мобильді пост және жүзу құралдары орналасқан.

Биыл да су айдындарында азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін Есіл өзенінің 20 арнасында 3 пост және 16 патруль қойылыпты. Барлығы 59 жеке құрам, 9 жүзу

### ЖАБЫҚ БАССЕЙНДЕР ЖЕТКІЛІКТІ МЕ?

Астана қаласы Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасының мәліметінше, елордадағы жағажайлар жайлы жабдықталған әрі ақылы жұмыс істейді. Сондай-ақ күтім мен қауіпсіздікті қамтамасыз ету жауапкершілігі – нысан операторының мойнында. Яғни онда арнайы құтқарушылар жасағы болуы тиіс. Ал қала тұрғындары жиі аялдайтын жабық жүзу бассейндерін айтсақ, елордада мұндай 52 нысан (балалар мен ересектерге арналған) жұмыс істейді.

«Бассейндер спорт кешендері, фитнес орталықтары, сондай-ақ жеке медициналық және сауықтыру мекемелерінде орналасқан. Олардың кейбірі жүзуді оқыту бағдарламаларын және арнайы санаттағы азаматтарға арналған жеңілдіктерді де ұсынады. Сондай-ақ әкімдік ТЖ департаменті, полиция және санитарлық қызметпен бірлесіп рейдтер, патрульдік шара, түсіндіру жұмыстарын жүргізеді және санитарлық нормаларды қадағалайды. Қауіпті жерлерге «Кіріп шомылуға тыйым салынады» деген тақтайшалар қойылған» деп көрсеткен өз жауабында салалық басқарма.

Біз Есіл жағасындағы Орталық қалалық жағажайда болғанбыз. Мұнда елордалық егде азаматтар өз отбасымен аялдап, ыстықта салқындауға келеді. Жасөспірімдер мен балалардың да қарасы мол.

«Жағажай 1 маусымнан бастап тәулік бойы жұмыс істейді. Бұл жерде ауа температурасы 24 градустан жоғары болған жағдайда және желдің жылдамдығы 8 м/с аспайтын болса ғана шомылуға рұқсат. Жағажай аумағы 2500 адамға арналған. Мұнда алкоголь, есірткі заттарын алып кіруге, мас күйінде суға түсуге қатаң тыйым салынған. Сондай-ақ жанғыш, тез тұтататын заттар да әкелу осы тәртіпке жатады. Қоқыс тастамау, жағалауды таза ұстау, өзге де демалушыларды құрметтеу – біздің басты ережеміз. Сонымен қатар, жағажайға үй жануарларын әкелуге болмайды. Бір ересек адам 16 жасқа дейінге 3 балаға дейін алып кіре алады» дейді жағажайдың аға құтқарушысы Даурен Қайыров.

Айтпақшы, мұндағы баға халық қалтасына салмақ сала қоймайды. Үлкендерге – 1500, 15 жасқа дейінгі балаларға – 500 теңге. Ал зейнеткерлер мен барлық топтағы мүгедектерге, көпбалалы отбасыларға (тиісті құжат көрсете отырып) және 3 жасқа дейінгі бүлдіршіндерге жағажайда суға түсу тегін екен.



### БАҒАСЫ ҚОЛЖЕТІМДІ МЕ?

«Әрине, халықтың барлығы жазда суға түсіп, сергігісі келеді. Бірақ қаладағы жеке суға орындары, бассейндер құны арзан емес. Мысалы, бүгін мен отбасыммен бірге «Оазис» демалыс кешеніне барғым келді. Ал бағасын естігенде қалтам көтермейтінін білдім. Онда 4 жастан асқан балаларға 6 мың, ал үлкендерге 11 мың теңге сұрап тұр. Бес-алты баламен 100 мыңның үстінде шығындаласың. Өзіңмен бірге сусын, азық-түлік алып тағы кіре алмайсың. Онысы ішінде тіптен қымбат. Амал жоқ, осылай Есіл жағасына келеміз. Бірақ мұның суы таза ма, оған да кепілдік жоқ» дейді қала тұрғыны Тұрар Қадырбаев.

Астаналықтардың барлығы ақылы бассейндерге бара бермейтіні анық. Өйткені кейіпкеріміз айтқандай, қаржы қолбайлау. Қапырық күні көп қабатты үйден демі тарылған жұрт мұндайда субұрқақтар жанынан табылып жүр. Әсіресе, балалар аспанға шапшыған мұндай су көздеріне тым құмар. Тіпті кейбір тентектер фонтаннан асып түсіп, аяғын суға малатыны да бар емес пе?

### СУБҰРҚАҚҚА ШОМЫЛУ ҚАУІПТІ

Бір ғана мысал, елордадағы Есіл ауданында барлығы 21 субұрқақ орналасқан. Бірақ, аталған су нысандарына түсуге тыйым салынған. Оның бірнеше себебі де бар.

«Жаз мезгілінде балалар мен жастардың субұрқаққа түсіп, салқындауға тырысатыны байқалады. Бірақ бұл – өте қауіпті. Біріншіден, субұрқақ суы – шомылуға арналмаған техникалық су. Құрамында хлор, альгицид сияқты арнайы химиялық заттар бар. Бұл тері мен көзге кері әсер етіп, аллергиялық реакция туғызуы мүмкін. Екіншіден, субұрқақтар – бұл күрделі инженерлік құрылым. Ішінде насостар, электр желілері, жарық шамдары сынды құрылғылар орналасқан. Оларға байқамай жанасу ток соғуына әкеліп соғуы мүмкін. Бұл, әсіресе, балалар үшін өте қауіпті. Осы орайда ата-аналарға ерекше жауапкершілік жүктеледі. Балаларына субұрқақта шомылуға болмайтынын түсіндіріп, қауіпсіздік ережелерін сақтау керектігін ескертіп отырған жөн» дейді Астана қаласы Есіл ауданы әкімінің кеңесшісі Құралай Слямбекова.

Байқасаңыз, қала ішіндегі суға түсу орындары аз екені белгілі болғандай. Ал жабық бассейндердің бағасы халық қалтасына тиімсіз екені бұрыннан айтылып жүр. Жеке кәсіпкерлердің жұрт қалтасындағы қаржысына бас ауыртқаны шамалы.

Расымен жауапты орындар бір ғана мәселені шешсе керек-ті. Елде шомылу уақытында таза да дұрыс орнатылған жағалау санын көбейтіп, қызмет көрсету сапасын жетілдірген дұрыс. Сапа демекші, жақында ғана Мемлекет басшысы Алакөлдегі демалыс орындары мен жағажай жұмысын сынға алып, артынша Үкімет аталған мәселені қолға алды. Жалпы бұл жалғыз Алакөл не Астана қаласындағы түйткіл емес, өзге өңірлерге де тән кемшілік болып отыр. Ал барлық ел азаматтарының санасында осының түйіні тез тарқаса деген тілек қана бар. Әйтпесе, жазғы туризмнің жағдайы тым жұтаң.



Сұлтан СЕЙІТ

Астана күніне орай үшкүндік демалыстың бір күнінде отбасымызбен Бурабайға бардық. Сол шаһар, сол қонақүйлер, сол көшеде жалға беретін пәтерін жарнамалағандар. Туристік маусымдағы екі айда жанталасып пәтерін жалға беріп, жан баққан жұрт. Демалушылардың дені – шетелдіктер (оның 90 пайызы – ресейліктер). Ауа райына қарамай көлге шомылып, жағажайда арақ-шарабын ішкеніне мәз-мейрам. «Жынды» әуендерін қаттырақ қойып, музыканың ырғағымен билеп жүр.




Төлен ТІЛЕУБАЙ

# БУРАБАЙДАН СӘН КЕТТІ МЕ, МӘН КЕТТІ МЕ?

Күн жаңбырлы болды. Қалаға кіргендегі алғашқы іздеген жеріміз – дәретхана. Көпшілігінің есігі жабық тұр. Хайуанаттар бағының жанынан жұмыс істеп тұрған біреуін таптықау, әйтеуір. Онда да бітпейтін кезек. Енді көлге түсетін ыңғайлы жер іздеу керек. Шеткері жақтан бос тұрған орындарды тауып, алақайлап орналастық. Астанадағы супермаркеттен көліктің багажына тиеп алған азық-түлігімізді жағалауға тасып, құмның үстіне дастарханымызды жайдық. Қауын-қарбызымызды бір жерге жайғастырып, суға күмп-күмп бердік. Күн бұлтты, қатты желді болғанына қарамастан, көлдің суы жып-жылы екен. Бірнеше рет сүңгіп алып, жағалауға ауқаттануға отырдық. Алайда құйып берген жаңбыр берекемізді кетірді. Малмандай су болғанымыз аздай, азық-түлігімізді қоятын жер іздеп, жүгірдік. Арада біршама уақыт өткенде жаңбыр да басылды. Бірақ қайтып көлге барған жоқпыз.

### ҚОҚЫСХАНА МЕН ДӘРЕТХАНАҒА АЙНАЛМАСЫН

Өйткені тағы бір «жоғымыз» – жауыннан таса жерде отырып тамақтанатын жер іздедік. Әуелде көлігімізді автотұраққа қойып, көлдің қарсы бетіндегі тауға өрмелеп, бір оңаша жерге дастархан жаймақ болдық. Ол ойымыздан тез айныдық. Себебі тамақ ішпек былай тұрсын, адамның нәжісінің иісінен тұншығып қаласың! Жаңбырдан кейін қолқаңды қабатын сасық иіс күшейе түседі екен. Айналаның бәрі сондай – алып дәретхана! Қарны ашқан кішкентай ұлымның өзі: «Әке, мұндай сасық жерде тамақ ішпек түгілі, бір минут та отырмаймын!» деп жылады. Содан соң көлдің жағасына жақын жердегі дәмханаларды жағаладық. Онда да төрт адам сыятын шағын үстелді 1 сағатқа жалға алу құны – 5 мың теңге. Әйтеуір, неден болса да табыс тауып қалайын деген ашқарақтық! Аспаннан тағы бір қара бұлт төніп келе жатқанын көріп, еріксіз бір үстелді жалға алдық. Шеткері болған соң 3 мың теңгеге келістік. Жайғасып алып, алаңсыз тамақтанбақ болып едік, жанымыздағы үлкен колонкалардан құлақты жаңғырықтыратын музыка ойнады. Ырду-дырдудың арасында отырып тамағымызды іштік-ау.

Шіркін-ай дейсің! Туризмді дамытқан өркениетті елдерден үйренетін нәрселерді, озық тәжірибені үлгі еткіміз келмейтіні қынжылтады. «Арқада Бурабайға жер жетпейді» деп Мағжан ақын жырға қосқандай, Бурабайдың түріктің Анталиясынан табиғаты артық болмаса, кем емес. Түркияға демалуға барғанда байқағаным, жол пұлың, қонақүйдің ақысы, ішетін тамағың бір кәсіпкердің қалтасына, яғни түрік елінің бюджетіне түседі. Қазақстанда шетелдік туристің жолының ақысы ғана ел бюджетіне түседі. Ал пәтер жалдаушылардың, демалыс аймағындағы қызмет түрлерін (қайықпен серуендеу, көлге шомылу, тамақ ішу, аттракциондарды пайдалану және т. б.) тұтынушылардың ақшасы жекелеген адамдардың қалтасына түседі. Көлге түсетіндерге бар ұсынатын қызметі – жататын пластик кереует беру ғана. Түркияда осылардың бәрі бір турпакетке біріктірілген. Қонақүй қызметі, теңізге шомылу, тамақтану мен демалудың бәрі бір жерде шоғырланған. Қанша айтсақ та, осы мәселені тәуелсіздік алған 34 жылда шеше алмадық. Себебі туризмге қатысты дұрыс саясат жүргізе алмай отырмыз.

Жаңға бататыны – Бурабай туристер (әсіресе өзге ұлт өкілдері) күл-қоқыспен ластайтын, дәретке отыратын алып «дәретханаға» айналды. Сол күні көлдің жағасындағы дәмханалардан ауқаттанып шыққан демалушылардың тау жаққа барып, дәрет сындырғанын көзімізбен көрдік. Цифрлық технологиялардан басқалардан озып кеттік деп мақтанамыз. Менің ойым айтады: сол жерлерге бейнекамералар қойып, қоғамдық орынға дәрет сындырғандарға 150-160 мың теңге (40 АЕК) айыппұл салу керек. Мұндай масқараға солай ғана тыйым салып, тәртіпке келтіре аламыз. Әкімшілік-құқық бұзушылық кодекс бойынша бұл ұсақ бұзақылыққа (434-бап) жатады. Кімде-кім қоғамдық орында дәрет сындырса, 20 АЕК (78640 теңге) көлемінде айыппұл төлейді, я болмаса 15 сөткеге қамалады. Айтпақшы, 2024 жылы осындай ұсақ бұзақылық қылмыс жасаған қазақстандықтардың саны 22 мыңға жетіпті. Олар ел қазынасына 600 млн теңге айыппұл төлеген. Осы қаражатқа деймін-ау, Бурабайдағы адамның нәжісі жатқан жерлерді тазалап, бейнекамералар орнатып, еріктілерден бірнеше отряд жасақтап, 2 ай демалушылардың ұсақ бұзақылық жасамауына бақылау қойса, игілікке жұмсалған болар еді. Бірақ біз әлі мәселені көтерумен, талқылаумен ғана келеміз.

### БАҒА ӘЛІ «КҮЙІП» ТҰР...

Қазір демалыс аймақтарындағы баға «күйіп» тұр. Мысалы, Бурабайда Жұмбақтасқа апаратын бір қайықты 15 минутқа жалға алсаң, 5-6 мың теңге төлейсің. 30 минут қыдыртамыз деп алып, 10-12 минутта қайтып жағалауға әкеліп тастайды. Моторы бар үлкен кемеге мініп, 30 минут көлде серуендеудің құны – 1 адамға 3000-4000 теңге. Квадроциклді 1 сағатқа жалдап алсаң – 15-20 мың теңге. Ал Астанада Есілде теплоходқа 4 мың теңге төлеп, қаншама жерді тамашалап қайтасың.

«Ақиқат салыстырғанда анықталады» деген сөз бар. Алты жыл бұрын отбасымызбен Түркияның Аланья қаласында демалдық. Бір күні ашық теңізге (Жерорта теңізі) кememен саяхатқа шықтық. Жерорта теңізі – әлемдегі ең таза, ең тұзды теңіз. Судың 30 пайызы тұзды. Біз мінген «Карибен Грюз» кемесіне үш адамға бар-жоғы 10 мың теңге төледім. Үш сағат Аланья түбегінің оңтүстік бөлігіндегі теңізді тамашаладық. Әйгілі «Қызыл куле» мұнарасына жақын жерде ашық теңізге шомылдық. Бір қуанарлығы, кеме мұнараға жақын жерде тоқтап, адамдардың мұздай суға шомылуына жағдай жасады. Бұл мұнара 1960 жылдары күрделі жөндеуден өтіпті. Түріктер екі қабатын тұрғызған соң «Қызыл куле» деп аталады. Ол жер қазір музейге айналған. Міне, осындай ғажайыптарды көзбен көруге азғантай ғана қаражат жұмсадық.

Біздегі бір кемшілік – бастапқыда демалыс орнындағы қызмет көрсетушілер «бізде бәрі бар» деп айтады да, іс жүзінде ақшасын төлеп қойғаннан кейін ешқандай жағдай жасалмағанын көреміз. Жазғы маусымды пайдаланып ақша жасап қалуға ұмтылады. Келушілердің көңілінен шығу, дұрыс демалыс ұйымдастыру, туристер қайтып келетіндей жақсы әсер қалдыру сияқты мәселелерге демалыс орындарының қожайындары бас қатырғысы келмейді.

### ЖАУАПСЫЗДЫҚ ПЕН НЕМҚҰРАЙДЫЛЫҚ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халықтан келіп түскен көптеген шағымға байланысты Алакөл маңындағы әйгілі туристік аймақтың демалушыларды қарсы алуға дайындығы төмен екеніне Үкіметтің назарын аударды. Бұл туралы Ақорданың телеграм-арнасы ақпарат таратты. Атап айтқанда, қажетті туристік инфрақұрылым, қызмет көрсету мен қауіпсіздік лайықты деңгейде қамтамасыз етілмеген. Президент Үкіметке қысқа мерзім ішінде елдегі барлық туристік бағыттың жағдайын ретке келтіріп, олқылық жіберген лауазымды тұлғаларды жауапқа тартуды тапсырды.

Сол күні Үкімет басшысы Олжас Бектенов Президенттің тапсырмасын орындауға арналған жиын өткізді. Онда Премьер-министрдің орынбасары Ермек Көшербаевтың, Туризм және спорт министрі Ербол Мырзабосыновтың Алакөл жағалауындағы ахуал туралы, сондай-ақ туристік инфрақұрылым, сервис және қауіпсіздік мәселелерін қоса алғанда, еліміздің туристік аймақтарында жазғы демалыс пен қолайлы жағдайларды ұйымдастыру жөніндегі баяндамалары тыңдалды. Мұндай баяндама жасағаннан туризм саласында бірдеңе лезде өзгереді дегенге сену қиын. Премьер-министр өңір әкімдері мен министрлерге бұл бағыттағы жұмысты күшейтуді тапсырды. Министрлер мен әкімдер жұмысты қанша күшейтсе де, түйткілді мәселелерді шешуге уақыт керек. Мемлекет басшысы берген ескертулерді жедел жою үшін жергілікті жерлерде жұмыстарды үйлестіру мақсатында Премьер-министрдің орынбасары Ермек Көшербаев пен Туризм және спорт министрі Ербол Мырзабосынов өңірлерге жіберілді. Оның қорытындысы бойынша кінәлі лауазымды тұлғаларды жауапқа тарту туралы ұсыныс берілмек. Өңірлерге барған лауазымды тұлғалар әрі кетсе жиналыс өткізіп, айта-айта жауыр болған мәселелерді тағы бір талқыға салып, тапсырма береді. Олардың бір рет барғанынан «толғағы» жетіп тұрған мәселе шешілмейді. Себебі бұл салада тоң болып қатып жатқан түйткіл көп.

Бұл саладағы Үкімет майшаммен қарайтын мәселенің бірі – туристердің денсаулығы мен жеке басының қауіпсіздігіне деген жауапсыздық.

Төрт жыл бұрын отбасымызбен Бурабайға жақын жердегі «Жұлдызды орман» («Лес и звезды») деп аталатын тыныңу аймағында демалдық. Даладағы палатка лагерінде үш күн қондық. Үшінші күні таңға дейін отбасымызбен көз ілмей, далаға шыға алмай, үреймен жаттық. Себебі көрші палатканы жалға алған қазекеңдер (дәу-дәу 6-7 адам) түнімен ішіп, бір-бірін боқтап, таңға дейін «разборка» жасады. Ертеңіне болған жайтты демалыс аймағы әкімшілігіне жеткізіп едік: «Палатканы жалға алған адам не істесе де өзі біледі, олардың демалысына араласуға құқығымыз жоқ!» деп жауап қайтарды. Бұл – демалушылардың денсаулығы мен жеке басының қауіпсіздігіне деген жауапсыздық пен надандық. Кез келген қонақүйде я болмаса демалыс аймағында тәулік бойы демалушылардың қауіпсіздігі мен тыныштығы үшін жауап беретін бір қызметкер отыруы керек. Менің-ше, демалушылардың денсаулығы мен жеке басының қауіпсіздігіне жауапсыздықпен қараған кәсіпкерлерді, қонақүй қожайындарын қатаң жазалайтын бап енгізу керек. Олай болмаса, қазекеңдердің бума-бума ақшасы шетелдің туризмін дамытуға «құйыла» береді.

## ӨНІМ КОНТРАБАНДАСЫ ТЫЙЫЛМАЙ ТҰР

Агроэкспортқа кері әсер етіп отырған тағы бір фактор – контрабанда мен реэкспорт. Соңғы 5 жылда тыйым салынған өнімдерді шекарадан заңсыз өткізуге қатысты жүздеген оқиға тіркелген. Мысалы, кейбір кәсіпкерлер көрші елдерден (мысалы, Өзбекстаннан) арзан қызанақ, бұрыш, қауын сияқты өнімдерді Қазақстанға жеткізіп, оларды «отандық өнім» ретінде рәсімдеп, экспортқа шығарған.

Атап айтқанда, көрші елдерден (әсіресе Өзбекстан мен Қытайдан) келген арзан көкөністер отандық өнім ретінде рәсімделіп, Ресейге экспортталған. Мұндай жасанды «қазақстандық өнім» фактілері ел беделіне нұқсан келтіріп қана қоймай, ресейлік фитосанитарлық қызметтердің шектеу шараларын қолдануына себеп болған. 2024 жылы Россельхознадзор қазақстандық көкөніс, жеміс, тіпті бидай импортына уақытша тыйым салды. Мұндай жағдайлар аграрлық бизнестің ұзақмерзімді жоспар құруына кедергі келтіреді. 2023 жылғы пияз экспортына тыйым салу нәтижесінде шаруалар шығынға ұшырап, өнімнің бір бөлігі көрші елдерге заңсыз жөнелтілді. Бұл ахуал экспорт саясатының болжамсыздығын айғақтайды.

Тағы бір өткір мәселе – импорттық демпинг. Қазақстан көкөніс бойынша Орталық Азияда ірі импорттаушы болып отыр. Мәселен, қыста және көктемде ел нарығын арзан, маусымнан тыс көкөністер басып кетеді. Түрікменстан, Қытай, Өзбекстаннан әкелінген өнім жергілікті шаруаның бағасын түсіріп, оның бизнесін тиімсіз етуде. Мұндайда антидемпингтік шаралар қолданылмайды, ал ішкі нарық қорғалмаған күйде қалады. Қазақстан Еуразиялық экономикалық одақтың (ЕАЭО) толыққанды мүшесі ретінде ұлттық деңгейде жедел демпингке қарсы шара қабылдауда дербес әрекет ете алмайды. ЕАЭО шеңберіндегі демпингке қарсы механизмдер бар, бірақ оларды пайдалану үшін ірі өндірушілер тобының бастамасы, дәлелдемелері, ұзақ процедуралар қажет. Бұл шағын және орта фермерлер үшін қолжетімсіз. Мысалы, Ресейде мұндай тетіктер фермерлердің одақтасуы арқылы нақты іске қосылады. Ал бізде ұйымдасу деңгейі төмен, кооперация әлсіз, саяси ерік жеткіліксіз. Бұл жағдай әсіресе ерте өнім беретін оңтүстік өңірлердегі фермерлер үшін күрделі әлеуметтік-экономикалық салдарға әкеліп отыр.

Айгүл ҚАПБАРОВА,
Сенат депутаты



№82 (4826) 15/07/2025 Сейсенбі



# СИҚЫРЛЫ БІЛЕЗІК

## НЕМЕСЕ ЗЕРГЕРДІҢ ҚҰПИЯСЫ

Өте сирек, қымбат металл бұйымдардың қылдай түйіндерінен адам қиялындағы тылсым өрнектерді бедерлеп, бір халықтың бойына жарастырған, ұлттық нақышын айқындайтын шеберді зергер дейміз. Ғасырлар қойнауынан жалғасын тауып, атадан балаға мұра болып келе жатқан, он саусағынан өнер тамған керемет қасиет иесі – зергер болу Жаратушының ғана қолдауы емес, қажымас еңбектің, зерек ізденістің нәтижесі болар.

Берік Әлібайдың зергерлік бұйымдары бүгінде әлемнің шартарабына таралған. Ұлттың көне қолөнерін жаңғыртушы ғана емес, жаңартушы. Өзіндік мектебі бар, шәкірттері өсіп-өркендеген, шеберханасы дамыған ұсталардың ұстазы.

Түйнектей металды отқа салып, балқытып, төске салып таптап, інжу-маржанды бармағымен баптап, гауһар тастармен безендіре қаптап, иін қандыра құрсау төзімділік пен епті еңбекті қажет етеді. Көз майын тауысып, күндері мен сағаттарын жалдап, алдындағы алақандай шаң-тозаңы әлі басылмаған асыл тастардың қиынды үгіндісінен ой түйіндеп, көкірек көзінің көрігімен бірге көсеп, баға жетпес асыл әшекей бұйымға айналдырады.

Жалпы зергер атаулының, қолөнер шеберлерінің мінезі тұйықтау болады. Берік Әлібай да сондай жігіттердің қатарынан. Біртоға, тұйық, көп ашылып сөйлемейді. Ал әлгі Иорданияның патшайымы Рания әл-Абдулла зор мақтанышпен мойнына тағып, көзге түскен бойтұмар алқа авторы біздің Берік екенін білгенде таңырқаған ел аз болған жоқ. Патшайым бойына керемет жарасып тұрған асыл бұйымдарды байқап қалған фанат зерттеушілерді қызықтырған. Сұрау салып, іздестіре келе, Қазақстандағы мамандардан бұйымның иесі де, киесі де зергер Берік Әлібай екеніне көз жеткізіп тыныштапты. Шебердің көрігінен шыққан сол алқаны патшайымға өз қолымен бермесе де, әшекейінің соңғы шаңын қағып, «уф» деп үрлеп, «суф» деп нүктесін қойып тұрып, «Түу, неткен әдемі алқа жасадым...», «Патша сарайындағы патшайымға лайық дүние болды...». «Ей, менің асыл еңбегім, иеңді тап, жақсы адамның омырауында жарқырап, мәртебесін көтере жүр» деп еңбегіне сүйсініп, терін сүртіп, тамсанған сәті болған шығар.

Қазақ бойына қандай бұйым тақса да ырымдап тағады. Алқа, тұмар, сырға, білезік, сақина, тағы сол сияқты зергердің қолынан шыққан асыл бұйымдарды құрметті адамдарына сыйға тартады. Сыйлаған жандарға ақ жол тілейді. Пәле-жаладан, жамандықтан, қиындықтан сақтасын деп ырымдайды.

Астана қаласының оңтүстік-шығыс бөлігінің біраз жерін алып жатқан – «Оңтүстік-шығыс» ықшам ауданы. Тыныс-тіршілігі қаланың орталығынан өзгеше өміршең. Коттедж үлгісінде салынған үйлердің әр ауласы шағын бизнес, іскерлер, көлік жабдықтары, көлік жөндеушілер, майда сауда базарларымен ерекшеленеді. Осы бір қайнаған өмірдің бел ортасын бөліп өтетін Қордай көшесінің бас жағында зергер Беріктің «музей-үйі» бар. Ел серуендейтін, көрме іздейтін жер емес. Қайнаған ұсақ өндірістің ортасы. Сыртынан қарағанда елеусіз, көп үйлердің бірі. Сұрап біліп, арнайы бармасаң, тосыннан көзге түспейді. Таяп барғанда аула сыртындағы темір қиындыларынан құрастырып қадап қойған қауашақ, жазба белгілерге назар салмасаң, музейге тіпті де ұқсап не жарасып тұрған жоқ. Бұрындары келіп жүретінмін. Шетелден келетін қонақтарыма кәдесый, сыйлық аламыз десе, ең жақсы, сапалы ескерткіш бұйымдар осында. Ұлттық нақыштағы жәдігерлерді дәріптеу керек болса да тура осында тартамын. Антиквар коллекцияларын, көненің шеберлері сомдаған дүние-мүліктерін баяндап, тарих қойнауынан сыр тарқатқанда өзім де рахаттанып, мақтанышпен тыңдаймын.

Қыздарым тұрмысқа шыққанда тағы келіп, ақылдастым. «Тоғжанымды қазақша дәстүрмен, театрландырылған көріністпен ұзатайын деп едім... тойына тігетін киіз үй керек. Кереге, уық, шаңырағы. Тағы сондай салт-дәстүрге келетін кебеже, құрсау, жиһаз жинап бер» деп алдына тағы барғам.

Небір тарихи жәдігерлер: алаша, шекпен, шапан, текемет, сырмақ, сандық, қылыш, қалқан, найза, қанжар, құман үлгілерімен түрлерін көзіңмен көргенде, ғасырлар қойнауына қалай еніп, ерекше әсерде жүргеніңді сезбей де қаласың. Қазақтың өзіне ғана тән ою-өрнегі, өзіндік ой жүйесі, биік мақсат-мүддесін танып, бойыңды шабыт билейді. «Ойпырмай, мына сәукелені қай дәуірдің қызы кисе де арманы жоқ-ау!» деп, ендігі текемет, сырмақтан өтіп, асыл тастармен көмкерілген бұйымдар экспонатарына бір тоқталып, сары алтындай самаурындар тұсында бөгелдік. Әттең, кей тұстарда бірінің үстіне бірі қаланып сыймай тұрған асыл дүние мүлікті көргенде үйдің тарлығы білініп, ішің ашиды. Бірін көріп, бірін өлшеп, біріне таңырқап, бас шайқап, ұзақ тұрып, таңдай қағып, қызықтап келеміз. Көрікті әспеттелген құнды жәдігерлерден көз тұнады. Жанымызда қосыла тамашалап жүрген бөгде жандармен пікір алмаса жағалап, тағы бір ерекше бай сөренің жанына тоқтадық. Міне, біздің іздегеніміз. Бізді күтіп жатқан бұйым да осылардың арасында болар. Жүзік, сырға, білезік, алқа, тұмар көздің жауын алады...

Зайыбым Зарияның көзі ерекше бір білезікке тоқтады. Иранның көк тасын дөңестеп ойып салған, айналасы күміспен көмкеріліп, өрнектелген. Тастардың падишахы бирюза жаныма жылы леп бергендей болды. Сақина сырғасы да жұптасып, қатарында, төңкеріле жарқырап жатыр. Келіншегімнің жанары жайнап, өңі құлпырып, ұзақ ойланбастан, сөреден білезікті алдырып, қолына тақты. Білезіктің тағы бір ерекшелігі – тұйық. Бір бүйірінде Беріктің өзі қиыстырып бекіткен, нәзік байқалатын жарасымды шаппа тиегі бар. Бұған дейін киіп, өлшеп, көріп келе жатқан білезік тиектері оңай ашылып, оңай жабылып тұрған. Мынаны да бір ашып, бір жауып, салмақтап, саралап, білегіне тағы бір салып, жауып көрген еді... білезік ашылмай қалды. Әрі-бері айналдырдық, тілін таппадық. Шарасыздан Шараны шақырдық. Ол да аша алмады.

Иранның дөңес көк тасымен ою-өрнегі жарасқан күміс білезік өз иесін тапқанына дән риза сияқты. Әдемі саусақтарға дәл келіп, жайнай түскен жүзік пен құлақтағы теңселе құлпырған сырғалар да менмұндалап, әйелімнің бойында жарқырап жараса қалды.

Гүлнәр: «Отағасының кейбір бұйымдары келген қонақтар арасынан иесін өздері таңдайды» деп күлді. Біз риза болдық.

**Еркін ҚАСЕНОВ,**
**Қазақстанның**
**еңбек сіңірген қайраткері**

# БАРД БОЛМЫСЫН АША АЛДЫ МА?

Биыл – қазақтан шыққан тұңғыш бард ақын Табылды Досымовтың туғанына 60 жыл. Небәрі 45 жас жасаған өрелі өнер иесінің шығармашылығын екі сөзбен ғана сипаттайтын болсақ – лирика мен рух. Астанадағы Әзірбайжан Мәмбетов атындағы Мемлекеттік драма және комедия театрында премьерасы өткен, бард болмысын арқау еткен «Сәйгүлік» музыкалық драмасын тамашалап, соны көрдік.

**Аманғали ҚАЛЖАНОВ**



Табылдының өмірбаяны – өлеңдерінде. Спектакльге енген лирикалық туындыларын тыңдап, жүрек тербелсе, намысқа суғарылған «Қазақ едім дегенімше», «Биіктік» секілді әндері рухты көтеріп тастады. Мәмбетов театры көрермендерді өнер ордасының табалдырығынан Табылды әлеміне сүңгітіп, өлеңдерін орналастырды.

Спектакль ә дегеннен әсерлі басталып, актерлер Табылдының әндерінен попурри айтты. Жалпы қойылымға енген туындылар бірнеше бағытта, атап айтқанда, рок, тіпті опера жанрларында ұсынылып, спектакль жаңашылдығымен тартымды бола түсті. Қазақтың жыршылық өнері де қамтылып, көңілден шықты.

Әрине, көркем туынды болған соң, спектакльге ойдан шығарылған көріністер де кірікті. Мұны драма басталмай тұрып қоюшы режиссері Әли Бидахмет ескертті. Бұл сценалар спектакльді күшейтпесе, әлсіреткен жоқ.

Ал қойылымнан қыз намысын қорғау дегенде өре түрегелетін, достыққа адал, намысшыл, қаншалықты талантты болса, соншалықты қарапайым қалпынан айнымаған Табылдыны көрдік. Табылды Желтоқсан көтерілісіне қатысқан. Алайда оны әр жерде айта бермейтін. Спектакльдегі оның Желтоқсан күндері өте әсерлі берілді. Қойылымда Табылдының махаббаты туралы да айтылып, әдемі әзілдерге де орын табылды.

*«Ереулі атқа ерін салған егесте,*
*Махамбеттің өзі бір тау емес пе?!»* деп жырлаған еді Табылды. Драмаға Махамбеттің өлеңінің енгізілгені де дұрыс болды. Бас кейіпкерді сомдаған актер Ақжол Амантайдың еңбегін ерекше атап өту керек. Бард бейнесін ол тамаша алып шықты. Тіпті даусына дейін айнытпай салып алыпты. Драма авторы Қазыбек Аманжолдың да біраз ізденгені байқалады. Спектакль премьерасына арнайы қатысқан «Табылды Досымов» атындағы қоғамдық қордың басшысы Бижан Қалмағанбетов, Табылдының курстасы, белгілі ақын Әбубәкір Смайылов, бардтың ұлы Абыл ризашылықтарын жеткізіп, алғыстарын айтты. Қойылым Табылдының жақындарын тебірентіп, толқытты. Көрермендерді де бейжай қалдырмады.

*«Алматы баста мен үшін*
*Әубәкір, Боря, Арман-ды,*
*Серікбек, Құлтеш, Жұмабай,*
*Қалдар боп сосын жалғанды»*
деп жырлаған Табылды туралы спектакльде оның студенттік күндері, одан кейін әскердегі кезеңі, ҚазМУ-ға қайтып оралуы қамтылды. Өлеңдегі Әубәкір – жоғарыда аты аталған Әбубәкір, ал Боря мен Арман сахнадағы кейіпкерлердің арасынан көрінді.

Табылды өз өлеңдерімен қатар Мұқағали Мақатаев, Фариза Оңғарсынова, Сағат Әбдуғалиев, Шәкизада Әбдікәрімов, Есенғали Раушанов, Серік Ақсұңқарұлы, Светқали Нұржан, Жанат Әскербекқызы секілді әйдік ақындардың жырларына ән жазды. Драмаға атау берген «Сәйгүлік» әнінің сөзі Светқалидың қаламынан туды. Ал досы Әбубәкірмен бірлестіктен жалғыз ғана «Анашым» әні туды. Бұл туынды, негізінен, жұртшылыққа жете қоймады. Спектакльге енгізіліп, тұсауы кесілгендей болды.

Табылды бір туындысында
*«Бір кездегі Табылдың әні екен деп,*
*Соңымнан зарлап жүрсін қалың Адай...»* десе, ол өмірден өткенде қалың қазақ қайғырды. Содан бері де арада 15 жыл өтті. Табылдың тағы бір досы, журналист, суретші Ерсайын Жапақтың «Аяштың ұлы, Алаштың ұлы Табылды» атты мақаласы бар. Табылды шын мәнінде Алаштың ұлына айналды.

Астана биылғы мерейтойын елей ме екен деп ойлап жүр едік, Әзірбайжан Мәмбетов театры бейнесін жаңғыртып, азаматтық жасады. Шығармашылық топ Табылды туған Атырау өлкесіне арнайы барып, оның жақындарымен сөйлесті, тиісті мәліметтерді жинады. Зиратына барып, рухына тағзым етті. «Сәйгүлік» – белгілі бард туралы екінші спектакль. Осы жылдың басында Атыраудағы Махамбет атындағы академиялық қазақ драма театры «Қыр баласы» драмасын сахналады. Жазушы-драматург Әлішер Рахат жазған, театр режиссері Шағуан Үмбетқалиев қойған қойылымды Мәмбетов театрының ұжымы да тамашалады. Бижан Қалмағамбетов «Сәйгүлік» спектаклімен аймақтарға гастрольмен баруды ұсынды. Театр ұжымына Табылдының «Із тастап аққан бір жұлдыз» кітабын сыйлады. Шығармашылық топқа алғыс хаттар мен «Табылды Досымов» медалін тапсырды.

Оның айтуынша, алда Атырауда Табылды әндерінің фестивалі өтеді. Елордада бұрын бард әндері фестивалі өтіп тұрушы еді. Бірақ бұл іс-шара, негізінен, орыс тілінде ұйымдастырылатын. Басқа жерде емес, бас қалада Табылды Досымов атындағы фестиваль өткізу керек. Себебі Табылды – Атыраудың азаматы ғана емес, бар қазаққа ортақ тұлға. Биыл сол фестиваль қолға алынса, нұр үстіне нұр болар еді.

«Сәйгүлік» спектаклімен Әзірбайжан Мәмбетов атындағы Мемлекеттік драма және комедия театрының жетінші маусымы жабылды. Биылғы маусымда аталмыш театр сахнасында жеті премьера қойылды. Атап айтқанда, «Танакөз», «Асан мен Үсен», «Күшік күйеу», «Мұқағали XXI», «Ар адамы. Бауыржан», «Армандар орындалады», «Сәйгүлік». Жалпы бүгінде театрдың репертуарында 30-ға жуық спектакль бар. Классика мен заманауи драманы, балалар ертегісі мен әлеуметтік тақырыпты тоғыстырған өнер ұжымы қазір жақсы ізденіс жолына түсті. Келесі маусымда театр репертуары жаңа бағыттарға бет алып, шетелдік режиссерлермен бірлескен жобалар жүзеге асырылмақ. Қазірдің өзінде келіссөздер жүргізіліп жатыр.

№82 (4826) 15/07/2025 Сейсенбі

# ҚҰЛАГЕРДІҢ АЛҒАШҚЫ ЕСКЕРТКІШІ

## ЕРЕЙМЕНТАУДА ЖҮЙРІК ЖЫҒЫЛҒАН ЖАЗЫҚТА ҚОЙЫЛҒАН ЕДІ

> Уақыт алға жылжыған сайын бұл әңгіменің бояуы жаңарып, түсі түрленіп, жұрт айтқан сайын, сірә, ашыла түседі. Шежіре мен тарихты ертегіге айналдыра білетін дария кеуде, тау мүсін қарттар әңгімесі ерекше көрінетін бізге.

Ақмола өңірінің Ереймен жерінде көкірегі ояу, көзі ашық жандар көп болатын. Солардың ішінде Ғалымжан Мұқатов, Серік Мұқанов, Хасен ақын, Шайкен Тұрсынбаев сияқты абыз қариялар көптің ортасында топ жарып отырушы еді. Бұл кісілердің тарихи әңгімелерін Қанжығалы Бөгенбай баһадүрдің тікелей ұрпақтары Қазыбек Нұралин мен Әлихан Барлыбаев нақты деректермен растайтын.

Осы кісілердің әңгімесіне қанық адамның бірі Андрей Андреевич Риммер Ереймен ауданының «Еркіншілік» совхозын ұзақ жылдар бойы басқарған ұлты неміс азаматы еді.

Құлагердің шапқан төскейін жақсы білетін ол Қусақ өзенінің ұрымтал тұсы осы шығар деп өзінше долбарлайтын. Көп уақыт бойы Ереймен таудың зейнеткерлік бөлімін басқарған Серік Мұқанов Риммермен жолыққанда оның ойын нақты дәлелдермен бекітіп кететін.

Андрей Риммер ұлты неміс болғанымен, тіліне қарап қазақ деп пайымдайтын жұрт. Уақыт өткен сайын ел адамдарының әңгімесі көреген басшыға үлкен бір жұмбақ қалдырды. Ол Құлагердің аңызға айналған оқиғасына нүкте қоймақ ниетпен Целиноград қаласындағы ескі жолдастары Молдахмет Досаев, Әйтім Жанайдаровпен ретін тауып кездесіпті.

Молдахмет Досаев – қоғамдық жұмыстарға үнемі басшы болып, қаланың көркеюіне өзіндік үлес қосқан кісі. Демалыс саябағында балалар пойызының табысты жұмыс істеуі сол кісінің ұйымдастыруымен жүзеге асты. Қазақтың ұлттық сайыстары: бәйге, көкпар, теңге алу, қыз қуу ойындарының қызықты өтуі тікелей сол кісінің бақылауында болатын.

Риммердің мақсат-мүддесін түсінген қос азамат Құлагерге ескерткіш жасайтын зауытты табуға уәде берді. Риммер ешкімнен көмек сұраған жоқ. Ол шаруашылықтан артылған қаражаттың мол көзін тапты.

«Уәде – Құдай сөзі» дейді қазақ. Темір түгілі, тастан ескерткіш тұрғызылмаған кезде А.Риммер Ереймен таудың теміржолы бойына сән-салтанатын келтіріп, ерекше бір ұлттық сипаты бар қолтаңба қалдырды.

«Еркіншілік» совхозы қара малға бай, оған қоса жылқысы мен түйесі, мамық жүнді ешкілері көп ірі шаруашылық еді. 500 басқа жуық түйесінен шұбат, мама биелерінен қымыз өндіріліп, Целиноград қаласының «Ақбұлақ» кафесіне үзбей жеткізілетін. Шұбат пен қымыздың қызығын жастар молынан көрді. Әсіресе, Горбачевтың алкольдік ішімдікке қарсы саясаты күш алған тұста жұртшылық «Еркіншіліктің» адал сусынына көп арқа сүйеді.

Осы Құлагерге қойылған ескерткіш жайындағы оқиғаны анамыз Құсни Алматыдағы бір топ жазушылармен болған қонақта айтып беріпті. Дастарханда дәмдес болып отырған жазушылар Сәкен Жүнісов, Рамазан Тоқтаров, Оралхан Бөкеев пен т. б. естіп, таңырқаған екен.

– Құлагерді ереймендіктер ұмытпаған екен-ау, – деп толғанған көрінеді Сәкен Жүнісов.

Ел ішіндегі тірі тарихшылар қашанда қарт адамдар ғой. Солардың әңгімесін естіп өскен жастар да жазушы-газетшілерден аспаса, кем түспейтіні белгілі. Ауыздарына қараған бір топ жазушыларға біздің әкеміз Сәлкен де естіп-білгенінен барынша ақпарат берген.

– Ілияс Жансүгіровтің «Құлагер» қиссасын жазардан бұрын Көкшеге, кейін Ерейментауға арнайы келіп-кеткенін мүмкін білетін шығарсыздар? Бұл құғын-сүргіннің қара дауылы соғар мезгілі, шамамен 1935 жылдың жазы аяқталар шақ. Темір жолы жоқ елге ат арбамен жетіп, ауыл қариялларымен жүздескен Ілияс ақын оқиғаны көзбен көргендей боп Алматыға оралған. Жазушының ақсақалдармен бірге түскен суреті болушы еді, сарғайып көнерген қымбат мұраны сақтай алмағаныма өкінемін, – деген екен әкеміз.

– Құлагердің даулы мәселесінде Сақұлақ бидің баласы Нұралы болыс қайтыс болыпты деп естідім, – деді Сәкен Жүнісов. – Анығы шынымен солай ма?

– Ақан серімен көптен сырлас әрі жолдас болған Нұралы бұл даулы мәселені шешпек боп бел буа кіріскен. Бірақ ұзаққа созылған қазақ соты оның болашағына балта шапты. Әділ шешімге таяу қалғанда Нұралыға қарсы жақ күтпеген жерден қастандық жасайды. Ерейменнің Құлагер құлаған жазығына келгенде уланған Нұралы жан тәсілім беріпті. Ол жер Нұралы жазығы деп аталды.

Кейіннен кеңес өкіметі Еркіншілік деп жаңаша өзгеріс жасаған.



*Ерейментауға Вьетнам делегациясы келген кез. Арасында Т. Ошағанов, З. Қадырова және Ә. Жанайдаров.*



*Құлагерге тұңғыш ескерткіш Ерейментауда қойылды. А. Риммер, М. Досаев.*

*Нұралы баста десе бастаушы еді,*
*Білгенін айтып-айтып тастаушы еді.*
*Нұралының аузынан шыққан сөзді,*
*Жандарал да жаратып қостаушы еді,* – депті Қаракесек Баданбике деген кісі.

Бірақ халықтың жадында берік сақталған оқыс оқиға, арада қанша құбылмалы заман өтсе де, бірде-бір ұмытылған емес. Бұл туралы ой толғаған талай ақын-жазушыларды білеміз.

*Басасыз шаттандырып «Құлагерді»,*
*Ашасыз айтқан сайын ішкі шерді.*
*Атақты Қараөткелдің өнерпазы,*
*Разымын көргеніме Ғазиз ерді.*
*Жігіттің дүрри-гауһар түрі екенсіз,*
*Дүние жәннатының гүлі екенсіз.*
*Елдегі өнерпаздар екеу болса,*
*Дәл соның қатардағы бірі екенсіз.*
*Қайтейін, Құлагерім қолдан кетті,*
*Дұшпанның қастығымен қаза жетті.*
*Асына Сағынайдың апарғанда,*
*Жүсібі Батыраштың қағып өтті,*

– деп нақты дәлелін Ақанның өзі айтып кеткен.

Ереймен елі Ақан сері мен Қанжығалы Бөгенбай батырдың ұрпағы, атақты «Арғынның ақсақалы» атанған Бапан бидің сүйікті ұлы Нұралының достығын жиі әңгімелейтін.

Сағынайдың асын биік дәрежеде атап өткен, заманында «Жарты патша» атанған пан Нұрмағамбет – жолынан жаңылмаған кісі. Бәйге, күрес, айтыста көзге түскендердің бірде-біреуі бос қайтпапты.

Көкшеден ат терлетіп келген Ақан серіге де жабуы бар жүйрік жорға берілген.

Бірақ кеңестік жүйеге жұмыс істеген ақындар ол жағын ауыз ашып айтпайды. Себебі байды мақтау – қызыл жүйеге жақпайтын қылық.

Ақан сері – үлкен өкінішті бастан кешірген кісі. Серінің көңіл күйін көтермек оймен Нұралы елдің жігіттерінің басын қосып, қаршығашылардың қаз-үйрек аулаған саятшылығын ұйымдастырады.

Атасы Бөгенбайдан жеткен Аққасқа, Көккасқа атанған бөрібасар тазыларының қасқырмен айқасқан сәттерін қызықтапты. Бұл шара оншақты күнге созылады.

Сол арада бүркітшілер де олардан қалыспаған. Елдің үлкендері айтқан әңгіме осы. Қайткенмен, Нұралы Ақан серінің бойын сергітіп, уайымын жеңілдетуге барынша күш салған.

Жалпы, Көкшеден Ақан сері 3-4 жігітпен тойға бірге келген.

Қайтарда Нұралы дәстүрге сай сый-жоралғы жасаған. Қонақтарға жүйрік аттар беріліп, Ақан серіге арнайы сәйгүлік тарту етіліпті.

Сақұлақ бидің батасынан кейін Нұралы алыстан келген меймандарын Сілеті өзенінен асырып, шығарып салған дейтін абыз қариялар.

1984 жылы Алматыдан пойызбен қонаққа келген жездеміз, Шығыстың бір шынары, халық жазушысы Қалихан Ысқақов Еркіншілік теміржолы бойындағы ескерткішті көріп, керемет ризалығын білдіріп еді.

– Мыстан қалай әдемі жасаған. Тек маған ессіз қу далаға қойылған сияқты, – деді мейман ағамыз.

Шын мәнінде Ереймен қаласына қою жөнінен ауданның сол кездегі басшысы Төлеген Ошағанов та Риммерге ұсыныс жасапты. Бірақ оқиға Қусақ бойында өткен соң, Құлагердің ескерткіші сол жерде тұру керек деген екен Андрей Андреевич. Бұл нақты шешім болды.

1991 жылдары кеңестік жүйе құрдымға кетті. Ауыл шаруашылығында реформалар басталып, көп күйзеліске ұшырағанымыз белгілі. Сондай сәтті көтере алмай, А.Риммер де дүниеден өтті. Ол да сол Құлагер сүрінген Нұралы жазығынан мәңгі мекен тапты.

Асыл азаматтың ереймендіктердің тілегін орындаған ісін ұмытылмайтын ерлік деп білемін. Ұлты неміс азаматының сол ескерткіші заман шатқаяқтап тұрған тұста қолды болғанын қайтерсіз...

*Құлагер – атаң тұлпар, анаң – сұңқар!* – деген сөздің жаны бар. Қазаққа сый жасаған ерекше бір жанды ұмытпаған абзал деп ойлаймын.

Ескерткіш таза мыстан жасалса да, ол бізге алтыннан да қымбат көрінеді.

**Жанат ТҮГЕЛБАЕВ,**
**Қазақстанның құрметті журналисі**

# АИТВ ЖӘНЕ ЛЯМБЛИОЗ: КЛИНИКА, ЕМДЕУ ЖӘНЕ АЛДЫН АЛУ

> Лямблиоз – бұл қарапайым микроорганизм giardia lamblia тудыратын паразиттік ауру, ол адамның аш ішегіне әсер етеді. Инфекцияның таралуы фекальды-ауызша жолмен жүреді, көбінесе ластанған су, жуылмаған тамақ немесе лас қолдар арқылы. Көптеген адамда ауру салыстырмалы түрде оңай болғанмен, АИТВ жұқтырған адамдарда ол созылмалы түрге ауысып, ауыр асқынулар тудыруы мүмкін.

***Неліктен лямблиоз АИТВ-инфекциясында қауіпті?***

АИТВ-инфекциясы иммундық жүйенің біртіндеп бұзылуына әкеледі, әсіресе CD4+ лимфоциттер санын азайту арқылы. Иммундық қорғаныс деңгейі төмен болған кезде дене көптеген инфекцияға, соның ішінде оппортунистік инфекцияларға – дені сау адамда жеңіл немесе асимптоматикалық курс тудыратын, бірақ АИТВ-позитивтерде ауыр және ұзақ уақытқа осал болады.

Лямблиоз бұл тұрғыда паразиттің агрессивтілігіне байланысты емес, дененің оны тиімді басқара алмауына байланысты қауіп төндіреді. Сонымен қатар ішек микрофлорасы мен шырышты тосқауыл функциясының бұзылуы АИТВ-мен ауыратын науқастарда жиі кездесетін басқа ішек инфекцияларының (бактерия, вирус, саңырауқұлақ) қатысуымен күшейе түседі.

***Клиникалық көрініс***

АИТВ-теріс адамдарда лямблиоз симптомсыз немесе асқазан-ішек жолдарының жеңіл көріністерімен жүруі мүмкін:

* сулы диарея;
* іштің кебуі және құрысуы;
* жүрек айнуы;
* жалпы әлсіздік;
* дене салмағының төмендеуі.

АИТВ жұқтырған адамдарда клиникалық көрініс айтарлықтай ауыр болуы мүмкін. Ең тән:

* тұрақты немесе қайталанатын диарея, көбінесе бірнеше рет;
* регидратациялық терапияны қажет ететін дегидратация;
* салмақ жоғалту және қоректік заттардың жетіспеушілігі, соның ішінде A, D, E, K, B12 дәрумендері;
* мальабсорбция синдромы – майлардың, ақуыздардың және көмірсулардың сіңуінің бұзылуы;
* іштің ауыруы, метеоризм, жүрек айну, тәбеттің төмендеуі.

Мұндай көріністер науқастың жалпы жағдайын нашарлатады және АИТВ-инфекциясының дамуына ықпал етеді. CD4+ деңгейі 200 кл/мкл-ден аз болса, курс әсіресе ауыр және стандартты терапияға нашар жауап беруі мүмкін.

***Диагностика***

Тексеру паразиттің өзін немесе оның антигендерін анықтауға бағытталған:

* Giardia кисталары мен трофозоиттарына нәжістің микроскопиясы;
* Антигендерге ИФА (иммуноферменттік талдау);
* ПТР диагностикасы (паразиттің ДНҚ-сын анықтау);
* Қажет болса, аш ішектің шырышты қабығының биопсиясы;
* Талдаудың сенімділігі әртүрлі күндерде бірнеше нәжіс үлгілерін тапсыруды қажет етуі мүмкін екенін есте ұстаған жөн.

***Емдеу***

* АИТВ-позитивті науқастарда лямблиозды емдеу кешенді тәсілді қажет етеді. Иммундық жағдайды ескере отырып бейімделуі керек антипаразиттік терапиядан басқа, мыналар да қажет:
* сұйықтық пен электролиттердің регенерациясын қамтамасыз ету;
* ішек микрофлорасын қалпына келтіріңіз;
* қажет болған жағдайда – симптоматикалық ем жүргізу (құрысуларға қарсы құралдар, энтеросорбенттер және т. б.).

Терапияның өте маңызды құрамдас бөлігі – антиретровирустық терапияны (АРВТ) жүргізу. Иммундық мәртебені тұрақтандырмай, емдеу курстарына қарамастан, лямблиозды қайта жұқтыру немесе хронизациялау мүмкін.

***Алдын алу***

Лямблиоздың алдын алу әсіресе АИТВ жұқтырған науқастар үшін өте маңызды және мыналарды қамтиды:

* тек қауіпсіз ауыз суды (қайнатылған немесе бөтелкедегі) ішу;
* көкөністер мен жемістерді жуу, әсіресе шикі қалпында тұтынар алдында;
* жеке гигиена – қолды жиі жуу, әсіресе тамақтанар алдында және дәретханаға барғаннан кейін;
* күмәнді тазалығы бар су айдындарында шомылудан аулақ болу;
* су құбырын тексеру және санитарлық өңдеу, әсіресе гигиена деңгейі төмен тұрғылықты жағдайда (жатақхана, қарттар үйі, хоспис). Сондай-ақ паразиттік және ішек инфекцияларына, әсіресе асқазан-ішек жолдарының белгілері болған кезде үнемі медициналық тексеруден өту керек.

***Қорытынды***

АИТВ-позитивті пациенттердегі лямблиоз – бұл жай ғана «жағымсыз диарея» емес, АИТВ-инфекциясының ағымын нашарлататын және асқынулардың дамуын тездететін ықтимал ауыр патология. Уақытылы анықтау, бейімделген емдеу және алдын алу шараларын қатаң сақтау тәуекелдерді азайтуға және пациенттің өмір сүру сапасын лайықты деңгейде ұстауға көмектеседі.

**Г.ШАЯХМЕТОВА,**
**Астана қаласы «АИТВ инфекциясының алдын алу орталығы» МКҚК инфекционист-дәрігері**

№82 (4826) 15/07/2025 Сейсенбі



# ӘЛЕМ ЖҰЛДЫЗДАРЫ ӘН ШЫРҚАДЫ

Бас қалада Қазақстандағы туризмді дамытуға үлес қосатын ірі мәдени жоба Älem fest-2025 өтті. Музыкалық фестиваль әлемдік және қазақстандық өнер жұлдыздарының басын бір сахнада қосты. Шақырылған қонақтар қатарында Craig David, Sadraddin, Ёлка, Alem, IOWA, Банд'Эрос, Доминик Джокер, DJ Groove болды.

Astana Arena сахнасында өнер көрсетіп, жанкүйерлерін қуантқан танымал IOWA тобы соңғы жылдары Астананың қалай өзгергеніне таңданып, бас қала туралы әсерімен бөлісті.

«Қалаларыңыз өте әдемі! Қонақүйге келгенде ұзақ уақыт ұйықтай алмай, терезеден қарап тұрдым. Мынау қандай колизей? Мынау қандай опера? Ғимараттары қандай көркем?! Біз соңғы рет бұл қалаға 7-8 жыл бұрын келіппіз, содан бері көптеген өзгеріс болыпты. Қала тап-таза, сұлу әрі жарқырап тұр. Мұнда қыруар жұмыс атқарылып жатыр. Маңыздысы – сіздер бұл орынды өз қалаларыңызға айналдырып жатырсыздар. Мен мұнда үлкен сүйіспеншілікті сезіп тұрмын» деді сахнада топ мүшесі Екатерина Иванчикова.

IOWA тобының өнері көрермендерге ерекше көңіл күй сыйлады. Концерт соңында әншілер астаналықтарға ыстық ықыласы үшін алғыс айтып, алдағы уақытта тағы да оралуға уәде берді. Кештің қорытындысы ретінде Aspan Galaxy-дің әсерлі дрон-шоуы өтті, ол түнгі аспанды шынайы жарық симфониясына айналдырды. Осы жаздың ең басты музыкалық фестивалі 7 сағатқа созылып, келушілерге шынайы жарқын көңіл күй сыйлады. Astana Arena сахнасын музыка, жарық пен энергияға толтырған фестиваль қала тұрғындары мен қонақтарына ұмытылмас әсер қалдырды.

# COMIC CON ҚЫЗЫҚТАРЫ

Comic Con Astana-2025 атты ТМД мен Орталық Азиядағы ең ірі поп-мәдениет фестивалі түйінделді. Бес күн бойы дүрілдеген іс-шара Астана қаласының әкімдігі мен «Astana Tourism» туризмді дамыту орталығының қолдауымен ұйымдастырылды.

Фестивальге 70 мыңнан астам қонақ, соның ішінде 10 мың шетелдік турист қатысты. Комикс, кино, ойын және поп-мәдениеттің жанкүйерлері үшін креатив индустрияның айтулы оқиғасына айналған іс-шара «Барыс Арена» сарайы және «Астана Арена» стадионында өтті. Фестиваль аясында шоу-бағдарламалар, халықаралық косплей байқауы, басты сахнада автограф-сессиялар, Q&A (сұрақ-жауап) және хедлайнерлермен кездесулер ұйымдастырылды. Үлкен көрме аймағы ашылып, онда тақырыптық стендтер, брендтік инсталляция, кіші сахна, ойын алаңы және Pop Asia аймағы орналасты.



Биыл фестивальге үш бірдей Голливуд жұлдызы қатысты. Бұл – британ актері мен режиссері, motion capture технологиясының новаторы Энди Серкис. Оның танымал жобалары – «Сақиналар әміршісі», «Маймылдар планетасы», «Жұлдыздар соғысы», «Бэтмен». Екінші қонақ Эсай Моралес – 40 жылдық карьерасы бар Голливуд жұлдызы («Озарк», «Титандар», «Мүмкін емес миссия», «Ла Бамба»). Ал үшіншісі Скотт Эдкинс – актер және жекпе-жек өнерінің шебері («Даусыз» фильмдер сериясы, «Джон Уик 4», «Доктор Стрэндж», «Ип Ман 4»).

Фестиваль аясында Қазақстан мен Испания арасындағы алғашқы бірлескен жобаның – Netflix стриминг платформасына арналған «Бітімгерлік» (La Tregua) фильмінің тұсаукесері өтті. Туынды ҚарЛАГ тарихының қайғылы сәттерін баяндайды. Фильм режиссері Мигель Анхель Вивас («Қағаз үй») және продюсер Эмилио А.Пина (Premios Goya) фестивальге арнайы келді.

Бағдарламаның дәстүрлі бөлігі – 15 миллион теңге жүлде қоры бар халықаралық косплей байқауы.

Фестивальдің арнайы қонақтарының қатарында Marmok, Qewbite, Антон Милс, Johan, Eugene Sagaz, Настя Джексон, Big Gleb, Metal Family авторлары және басқа да жұлдыздар болды. Іс-шара барысында Tekken World Tour 2025 халықаралық турнирінің ресми кезеңі өтті. Бұл – «файтинг» жанрындағы Tekken 8 ойыны бойынша жарыс. 90-нан астам ойыншы рейтингтік ұпайлар мен 400000 теңге жүлде қоры үшін бақ сынасты.

Бетті дайындағандар **Аманғали ҚАЛЖАНОВ, Райхан РАХМЕТОВА**

# TRIATHLON-да КІМ ТОП ЖАРДЫ?

Елордада ауқымды спорт іс-шарасы – Astana triathlon half турнирі өтті. Жарыс Орталық саябақтан басталып, Ильинка аумағында аяқталды. Қатысушылар келесі үш кезеңнен өтті: жүзу – 1,9 км; веложарыс – 90 км; жүгіру – 21,1 км.



Биылғы бәсекеге 200-ден астам әуесқой спортшы қатысуға ниет білдіріп, өзара сынға түсті. Астанадағы жарысқа, Қазақстанның өзге өңірлерінен бөлек, Ресей, Өзбекстан, Қырғызстаннан келіп тіркелгендер болды.

Веложарыс Орталық саябақтағы жағажай маңынан басталды. Қатысушылар Тұран даңғылына шығып, көпір астымен солға бұрылды, одан әрі Қорғалжын тасжолына дейін оң жақ жолақпен жүрді. Сол жерден оңға бұрылып, айналма жолға дейін барды. Айналма жолдан солға бұрылып, қарсы бағыттағы жолақпен жүрді. Кейін 3 шеңбер бойынша Қорғалжын тасжолынан Қосшы бағытына дейін – сол жақ жолмен жүріп, шеңберлерді аяқтаған соң, қайтадан Қорғалжын тасжолына түсіп, Ильинка жақтан веложолға кірді. Мәре сызығы веложол бойындағы велопрокат тұрағы болды. Жүгіру веложол аумағында өтті.

– Өздеріңіз білетіндей, 2023 жылы халықаралық Ironman 70.3 жарысының келісімшарты аяқталды. Енді биыл Астана қаласы Триатлон федерациясы алғаш рет осындай турнирді ұйымдастыруға бел буды. 180 қатысушы жеке және 20-дан астам спортшы команда түрінде жүлдеге таласты. Басты сыйлығымыз – тамыз айында Өзбекстанда өтетін Samarkand Challenge сайысына жолдама. Федерация бұл сайыспен шектелмейді. Алдағы аптада дәстүрлі Astana run challenge жүгірісін өткізу жоспарланған, – деді Астана қаласы Триатлон федерациясының президенті Төлепберген Сүйінтаев.

Жарыс соңында әр жас тобындағы триатлон жеңімпаздары (18-29 жас, 30-39 жас, 40-49 жас, 50-59 жас және 60 жастан жоғары) дипломдармен, медальдармен марапатталды.

«Астана – есірткісіз қала» акциясы аясында жеңіл атлетикалық жүгіруден жарыс өтті. Мегаполис тұрғындарының басын қосатын танымал әрі қолжетімді спорт түрі саналатын жүгірудің осы жолғы басты ерекшелігі – қатысушылардың жаңа бағдар бойынша бақ сынауы.

# ЕСІРТКІДЕН АУЛАҚ БОЛ!

4 шақырымдық қашықтыққа жалғасқан жүгіру Кенесары хан ескерткішінің алдынан басталып, Ырыскелді қажы мешітінің жанында мәресіне жетті.

– «Астана – есірткісіз қала» ұранымен кезекті жүгіру жарысын ұйымдастырдық. Бұл жолы жүгіру бағыты жаңарды. Кезекті рет қатысушыларымыз Есіл өзенінің бойымен жаңа бағытта жүгірді. Қатысушылар әсерімен бөлісіп, разы болып жатыр. Бұл жарыс жиі ұйымдастырылса да, медальдарымыз үнемі жаңарып тұрады. Мұның өзі қосымша эмоция беретіні сөзсіз. Жүгірудің арқасында қала тұрғындары демалыстың таңын спортпен бастауды әдетке айналдырып келеді. Қазірдің өзінде толық отбасымен қатысатындардың саны артып жатқаны анық байқалады. Елордамызда жүгіру мен велошеруден өзге бұқаралық спорттың да түрін өткізуге атсалысып жатырмыз, – деді Астана қаласы әкімдігі Спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізу дирекциясы басшысының орынбасары Ержігіт Өсербай.




Жарысқа 1000-ға жуық әуесқой жүгіруші қатысып, таңертең 9:00-де 4 шақырымдық қашықтықты бастап кетті.

– 10 жылдан астам уақыт бойы жүгіріп келемін. Бүгінде ол әдетке айналды. Салауатты өмір салтын өзім арқылы насихаттағанның арқасында өзге таныстарым да осы жолды таңдады, – деді жарысқа қатысушы Жансұлтан Қалдаров.

Бұқаралық жүгіру жарысының соңында қатысушылардың арасында велосипед ойнатылып, естелік медаль берілді.

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300

**Тапсырыс № 82**

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

**Редакция мекенжайы:** 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

**Va-reklama@mail.ru**
**aqsham1990@mail.ru**

**Кезекші редактор – Айгүл УАЙС**